№1, (32), мамыр, 2021

25 ИРМ info

РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ



ЭКО-ға кім квота ала алады? бет. 4

Квота бойынша РМИ-дағы ЭКО: бірінші талпыныстан сәбилі болыңыз! бет. 7

Ер адам отбасы үшін барлығына барады! бет. 9

ИРМ

Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины делает уверенные шаги навстречу новым технологиям, чтобы каждая семья в нашей стране имела возможность стать по-настоящему счастливой и полноценной

Приглашаем женщин принять участие в программе:
“СУРРОГАТНОЕ МАТЕРИНСТВО И ДОНОРСТВО ООЦИТОВ”,
а так же мужчин в программе:
“ДОНОРСТВО СПЕРМЫ”

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

-возраст от 18 до 35 лет;
-наличие собственного здорового ребенка;
-отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
-удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

-возраст от 20 до 35 лет;
-наличие собственного здорового ребенка;
-отсутствие психических соматических и генетических заболеваний;
-удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

-возраст от 18 до 35 лет;
-отсутствие отклонений в нормальных органометрических и фенотипических признаках;
-удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации.



Дополнительную информацию можно получить по телефонам:

050012 г.Алматы,
Толе би, 99
Кабанбай батыра, 226

тел.: +7 727 234 34 34
моб.: +7 771 934 34 34
факс: +7 727 260 12 80

info@irm.kz
irm.almaty
irm.almaty

irm.kz

Құрметті оқырмандар!

Біз IRM Info парақшасында қайта кездескенімізге қуаныштымыз!

Журналымыздың әрбір нөмірі – ерекше, ал көктемгі 2021 жылғысы – барлығымыз үшін айрықша.

Біріншіден, әлем пандемиядан баяу, бірақ нық қадаммен шығып келеді, яғни шекаралар ашылады, біз әдеттегі өмір салтына, оның қызықтарына, үміттерге, қуаныштарға қайта ораламыз дегенді білдіреді!

Екіншіден, сіздермен өте маңызды жаңалықпен бөлісуге асықпыз –Қазақстанда осы жылдан бастап ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша құрылған «Аңсаған сәби» бағдарламасы басталды. Осы бағдарламаның арқасында ЭКО-ға квоталар саны жеті есе артты, яғни көптеген бедеулі жұптар ана мен әке бақытына ие болу мүмкіндігін алады. Біздің Репродуктивтік Медицина Институты бұған міндетті түрде көмектеседі.

Үшіншіден, көктем – табиғаттың, әйел бастамасының гүлденетін, мыңдаған қазақстандықтар армандайтын жаңа өмірдің пайда болатын ұлы кезеңі.
Баршаңызды көктемнің, жаңарудың, бейбітшілік пен жасампаздықтың мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Әрбір қазақстандық отбасына шын жүректен зор денсаулық, сыйластық, түсіністік пен амандық тілеймін! Мереке жақсылық әкелсін, ал көптен күткен бақыт құсы әр үйге қонсын!



Ізгі тілектермен
Тамара Мұфтахқызы ЖҮСІБАЛИЕВА,
Репродуктивтік Медицина Институтының директоры

БАС РЕДАКТОР
Тамара Жүсібалиева,
Репродуктивтік медицина институтының директоры

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР
Евгения Скалей

ДИЗАЙН, БЕТТЕУ
Кравцева Оксана

МЕНШІК ИЕСІ:
"ИРМ" мекемесі

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Алматы, Төле би к-сі,

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Юлия Ахмеджанова
(a.juliya@irm.kz)
www.irm.kz

«Манхэттен Принт» ЖШС
баспаханасында басылған
ҚР, Алматы қ., Кочин к-сі, 4
Тел.: +7 (727) 328 97 43
Таралымы – 2 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою туралы №14607-Г күәлігі 31.10.14 ж. ҚР байланыс және ақпарат агенттігімен берілген.

Редакция авторлардың ойын арқашанда қолдай бермейді. Жарнаманың мазмұны үшін жарнама берушілер жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік құралдардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасы үшін жауапкершілік туралы ескертілген. Материалдарды қайта басып шығарғанда "ИРМ INFO" сілтеме жасау міндетті.

ЭКО-ҒА КІМ КВОТА АЛА АЛАДЫ?



2021 жылы Қазақстанда «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасы іске қосылды. Оның аясында «бедеулік» диагнозына тап болған ерлі-зайыптыларға ЭКО (экстракорпоралдық ұрықтандыру) квотасын алуға болады.

2010 жылдан бастап Репродуктивтік медицина институты Қазақстанның барлық өңірлерінде бедеулік мәселелері бойынша ерлі-зайыптыларға тегін кеңес береді. Консультация беру барысында РМИ репродуктологтары қорытынды бере отырып, квота бойынша ЭКО бағдарламасын жүргізу үшін пациенттерді іріктеуден өткізеді. РМИ медициналық директорының орынбасары, жоғары санатты репродуктолог дәрігер Людмила Аркадьевна Бадельбаева квота кімге берілуі тиіс екенін, оны қалай алуға болатынын және ЭКО Клиникасында қандай нәтижелерге қол жеткізілгенін айтты.

- Людмила Аркадьевна, биыл Денсаулық сақтау министрлігі ЭКО-ға квота тиесілі аурулар тізімін кеңейткені белгілі. Бедеулік жағдайында тегін көмекті кім ала алады?

- Бедеулік – күрделі проблема, оны тудыратын факторлар өте көп. Консервативті емдеу көмектеспейтін факторлар да бар. Бұл иммунологиялық бедеулік, идиопатиялық, шығу тегі белгісіз, эндокриндік бедеулік. Әйелдер жылдар бойы, тіпті ондаған жылдар бойы емделеді, ал нәтижесі жоқ. Ақырында олар ЭКО бағдарламасына келгенде көптен күткен жүктілікке қол жеткізеді.

Біздің президент Қ.К. Тоқаев өз жолдауында еліміздегі демографиялық жағдайға, сондай-ақ отбасылардағы бедеулік себебінен ажырасулар санына қатты алаңдаушылық білдірді.

«Аңсаған сәби» бағдарламасына сәйкес осы отбасыларға арнап ЭКО жасау үшін 7000 квота бөлінді.

Бұрын квоталар аурулардың өте тар ауқымында: түтіктік бедеулік пен ерлер бедеулігінің ауыр түрімен ауырғанда берілетін. Осы жылы аурулар тізіміне эндокриндік бедеулік, эндометриоз, шағын миомалар, генезі белгісіз аурулар кіргізілді.

- Ал соңғысына не жатады?

- Бұл жұпта еркек те, әйел де сау болып, бірақ балалары болмаған жағдайда. Бұл аналық жасуша мен шәует деңгейіндегі сәйкессіздіктің ерекше түрі. Сіз бірге тұрып, кейіннен ажырасып, жаңа отбасын құрғанда бала сүйген ерлі-зайыптыларды кездестірген шығарсыз. ЭКО көмегімен біз бедеуліктің осындай түрін де шеше аламыз.

Одан басқа, ЭКО-ға квота беру бойынша тізімге идиопатиялық және иммунологиялық бедеулік кірді.

- Квотаны бергенде алғашқы медициналық ұйымның рөлі қандай?

- Әйелдер консультациясының дәрігерлері тарапынан бұл мәселе сауатты қаралуы тиіс, олар квоталарды жай ғана таратып қоймай, тиісті тексеру, диагностика жасау, емдеу жүргізгеннен кейін беруі тиіс.

Жоғарыда айтылған ауруларды ЭКО-ға квоталар беру бойынша кеңейтілген тізімге енгізу демографиялық қабілеттілікті жақсартуға, жүктілік санын арттыруға ықпал етеді, көптеген отбасылар үшін бұл, шын мәнінде, бір жұтым таза ауадай. Тұйыққа тіреліп жүрген, үздіксіз емделген, уақытын, ақшасын жұмсап, жүйкесін тоздырған, дәрігерден дәрігер ауыстырған қаншама ерлі-зайыптыларды көрдік! Бірақ олар бізге келіп, консервативті емдеу емес, оларға тек ҚРТ көмектесетінін білгенде ғана көптен күткен жүктілікке қол жеткізген болатын.

- ЭКО барысында басты шарт қандай?

- Негізгі талап, бұл қор көрсеткіші біреуден төмен болмайтындай фолликулярлық қордың бар болуы. Жүктілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін жасушалар әйел ағзасында көп емес. Егер біз 2-3 фолликуланы алсақ, онда нәтижеге жету екіталай, тек бюджет ақшасын ысырап етеміз.

- Алайда қазір көбі: «Біз медициналық сақтандыруға жарналар жасаймыз ғой!» деп айтады.

- Иә, бұндай пікірлер бар, бірақ біз ортақ сақтандыруды төлейтінімізді ұмытпауымыз керек. Бұған балалар аурулары, жүрек аурулары және басқа да көптеген жағдайлар (стоматология, хирургия және т.б.) кіреді. Барлық адамдар квотаға құқылы. Нәтижелілік болу үшін, мемлекет ақшаны бекер жұмсамауы үшін квоталық бағдарлама бойынша жұмыс істейтін ұйымдарға қойылатын талаптар жоғары болады.

Репродуктологтар үшін иммунитеттің жақсы болғаны, фолликулалық қор және спермограмманың жақсы көрсеткіші болуы маңызды. Мүлдем жаман шәует болады. Біз не істемесек те нәтижеге қол жеткізе алмайтынымызды білеміз. Онда квотаны не үшін береді?

- Ал донорлық жасушаларды квота бойынша қолдануға болмайды ма?

- Осы емшара бағдарламаға қосылмағанша болмайды. Адамдар бала асырай алады, өйткені олар бәрібір бөтен жасушаны алады емес пе. Олар «Генетикасы қандай екен»? деп ойлап қалуы мүмкін. Көбі, әрине келіседі. Сау баласы бар 35 жасқа дейінгі жас әйелдер ғана донорлар бола алады. Донорда тұқым қандай екенін білмейміз ғой. Онда неге бала асырап алмасқа?

Уақыт өте келе, мемлекет жақсы нәтиже бар екенін көріп, содан кейін барып көрсетімді кеңейткенде, квота бойынша донорлық жасушаларды алуға, суррогат ананы қолдануға болатын шығар. Болашақта осындай бағдарламалар да болуы мүмкін, бірақ қазір біздің нәтижеміз жақсы екенін дәлелдеуіміз керекпіз. Мысалға, тағы кумулятивті нәтижелілік бар: егер біз көп мөлшерде аналық жасушаны алып, жүктілікке бір реттен қол жеткізбесек, онда қалған жасушаларды қажетті уақытқа дейін қатырамыз да, кейін саламыз. Біздің Клиникаларымызда бұл емшара тегін жасалады. Бүгінгі таңда Денсаулық сақтау министрлігіне осындай жібіту және салу тәжірибесі – МӘМС жүйесі бойынша тегін болуын сұраймыз.

- РМИ-дағы зерттеу портфелінде қажетті әрі маңызды емшара – ПГД (Преимплантациялық генетикалық диагностика) бар. Бұл емшара ақылы ма?

- Қазіргі уақытта ақылы, ол морфологиялық көрсеткіштері жағынан ең сапалы және барлық алынғандарының ішінен ең сау эмбрионды таңдап, оны бірден салуға мүмкіндік береді. Тәжірибеміз көрсеткендей, бұл жағдайда нәтижелілік проценті өте жоғары. Жасушаны болжаммен таңдап салу – ол да қауіпті, өйткені ішінде аномалды хромосомалар болуы мүмкін.

- ЭКО үшін жас шектеулері неге енгізілген? Әйелдер 40 жастан кейін де, 50 жастан кейін де ана болған жағдайлар бар екені мәлім.

- Оның мәнісі мынада: әйелдің жасы ұлғайған сайын, аномалды жасушалары да көп болады. Мысалға, жақында бізге 40 жастағы пациент келді, біз 16 жасуша алдық, шығысы өте жақсы, бірақ генетика жасағанда барлық жасушалар аномалды болып шықты... Бұндай әйелдердің 35 жасқа дейінгі жас әйелдерге қарағанда ауру бала туу қатері әлдеқайда жоғары.

Сондықтан квотаға генетикалық зерттеуді енгізсе, керемет болар еді. Бұл өте қымбат операция. Мысалға, Чехияда ол тегін.

Егер эмбриондарды ПГД жасамастан салатын болсақ, онда нәтижелілік күрт төмендейді. Оны статистикамыз айтып жатыр. Сондықтан барлық әйелдерге айтарымыз: жас әрі сау кезден-ақ өз аналық жасушаларыңызды мұздатып қойыңыздар!

40 жастағы әйелдерден біз сау аналық жасушалардың 20,8% аламыз;
42 жастағылардан – 16%;
45 жастан асқандардан – бар-жоғы 1-2%.

- РМИ-да жүкті болу нәтижелілігі қандай?

- Егер квоталық бағдарламаға қатысатын барлық қазақстандық орталықтарды алатын болсақ, онда біз 10 жыл бойы жоғары деңгейді сақтап келеміз және 6 жыл бойы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің аккредиттеуіне сәйкес көрсетілетін қызметтердің сапасы бойынша жоғары санатты клиника болып табыламыз.

- Осы жылы квота 19 клиника арасында бөлінді. ЭКО орталықтарына қандай талаптар қойылады?

- Жалпы бұрын қатаң іріктеу болған: клиника кемінде үш жыл жұмыс істеп, әлемдік стандарттарға сәйкес заманауи жабдықтармен жабдықталуы керек болатын. Клиника міндетті түрде аккредитациядан өтіп, дәрігерлердің тиісті санаттары бар болуы тиіс. Қазіргі уақытта бұл біршама жеңілдетілді. Бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Уақыт пен нәтижелер көрсетер.

- ЭКО-ға кім квота ала алмайды?

Квотаға үміткер болу үшін келесі крийтерийлерге сәйкес келу керек: 18-42 жас аралығы, соматикалық аурулардың болмауы. Осындай жауапты іс үшін медициналық ұйымды өзіңіз таңдай аласыз. Ал қалған сұрақтар бойынша тіркелген жердегі учаскелік гинекологқа жүгіну қажет.

Қандай себептермен ЭКО-ға квота беруге бас тартуы мүмкін?

• овариалды қордың төмендігі;
• жатырдың туа біткен немесе жүре пайда болған патологиялары;
• соматикалық және психикалық аурулар, бұл ретте жүктілікке қатаң тыйым салынған;
• жатырдың қатерсіз ісіктері (миоматозды түйіндердің өлшемдері 5 см-ден астам);
• аналық бездердің ісігі;
• жіті фазадағы кез келген локализациядағы қабыну аурулары;
• кез келген локализациядағы қатерлі жаңа өскіндер;
• ерлі-зайыптылардың генетикалық және хромосамалық аурулары;
• азооспермия (шәуетте аталық жасушалардың болмауы).



КВОТА БОЙЫНША РМИ-ДАҒЫ ЭКО: БІРІНШІ ТАЛПЫНЫСТАН СӘБИЛІ БОЛЫҢЫЗ!

Қазақстанның репродуктивтік медицина саласындағы үздік мекемесі ретінде РМИ экстракорпоралдық ұрықтандыруды жүргізуге ең көп квота алады. Адамдар көптен күткен бақытына қол жеткізу үшін әйгілі ЭКО клиникасына еліміздің бүкіл аймақтарынан келіп жатыр.

Өкінішке орай, Қазақстанда әрбір алтыншы отбасы балалы бола алмайды. Әлеуметтік сауалнамалар көрсеткендей, қазақстандықтардың шамамен 20% бұны ажырасуға орынды негіз деп санайды. Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасын іске қосуды тапсырамын. ЭКО бағдарламалары бойынша квоталар санын жеті мыңға дейін, яғни жеті есе арттыру керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған Жолдауында.

Айта кетейік, Қазақстанда 2021 жылдан бастап Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша құрылған «Аңсаған сәби» бағдарламасы басталды.

Біз квотаның арқасында Репродуктивтік медицина институтында алғашқы талпыныстан жүкті болған бақытты аналар арасында сауалнама жүргіздік.

1. Бақытыңызға жету жолы қаншалықты ұзақ болды? РМИ-ға келгенге дейін қандай себеппен бала көтере алмадыңыз?
2. Тағы да бала сүю үшін келуді жоспарлап отырсыз ба және РМИ жұмысы туралы не айта аласыз?

Әсел Әбенова:

Екі ұлым үшін алғыс айтамын!

Жолдасым екеуміздің үлкен қызымыз бар, жасы 20-да. Одан кейін бала көтере алмадым, өйткені екі түтігімді де алып тастады. Емделдім, күттім, бірақ еш нәтиже болмады. Күйеуім екеуміз ақылы ЭКО үшін ақша жинаймыз деп шештік, бірақ сол кезде маған портал арқылы осы операцияны жасауға квота алуға болатынын айтты. Ал жиенім керемет ЭКО орталыққа – Репродуктивтік медицина институтына баруға кеңес берді. Сөйтіп біз консультацияға келдік, ол жерде түтіктер жоқ екеніне қарамастан, бала көтере алатынымды айтты. Біз барлық құжаттарды жинап бердік те, өз кезегімізді күттік. Бірден бірінші талпыныстан кейін мен бала көтердім. Әрине, біз өте бақыттымыз! Мен екі ұл тудым – қуанышта шек болмады!

Менің тағы мұздатылған эмбриондарым бар және биыл қайтадан РМИ-ға келуді жоспарлап отырмын.

Мен Институттың бүкіл дәрігерлері мен медбикелеріне мейірімділігі мен бауырмал қарым-қатынастары үшін алғыс айтамын. Әрине, ұлдарымыз үшін мен басымды иемін! Біз сияқтылар үшін үлкен іс атқарасыздар!





Диана Түлебаева:

Ұлым үшін мемлекетке және РМИ-ға алғыс айтамын!



Біз күйеуіміз екеуміз өз бақытымызды 2014 жылдан бері күтіп жүрдік, ал бедеуліктің себебі – түтіктердің тарылуы. 2017 жылы жатырдан тыс жүктіліктен кейін мен бірден кезекке тұрдым, ал 2019 жылы квота алдым. Бізде бәрі де бірден іске асты!

Мемлекетімізге және РМИ-ға, бүкіл медицина қызметкерлеріне алғыс айтамын. Әрине, біздің «сиқыршымыз» Людмила Аркадьевна Бадельбаеваға иіліп тұрып бас иеміз де, шексіз алғыс айтамыз! Нәрестелі болу үшін тағы келгіміз келеді, 100 процент нәтижеге сенімдімін!

Әсем Есенғалиева:

Сіздерге ұл мен қызымыз үшін алғыс айтамын!



Біз 2005 жылы отау құрдық, бірақ балаларымызды 15 жыл күттік! Менде жатырдан тыс жүктілік болған, түтіктерімді алып тастаған. Осыдан кейін мен есепке тұрып, екі жылдай квотаны күттім. Маған емханадан қоңырау шалынды да, кезегімнің келгені айтылды. Бұл мен үшін күтпеген жағдай болды, әлі де ұзақ күту керек шығар деп ойлағанмын. Мен бірден дайындала бастадым, РМИ таңдадым – ол туралы жақсы пікірлерді көп оқығанмын, кейін барлық қажетті талдауларды тапсырдым. Бізде бірінші отырғызғаннан-ақ барлығы іске асты – Тәңіріміз бен дәрігерлеріміз бізге егіз баланы – ұл мен қызды берді!

Мен күнде дәрігерлерім мен медбикелерге алғыс айтудан шаршамаймын. Олар мені барынша қолдап жүрді. Мен орталыққа қатты ризамын, барлығы таза, жинақы. Бұл жерде әкімші мен дәрігерлерден бастап керемет тамақ дайындайтын асханаға дейін бауырмал адамдар жұмыс істейді! Бұнда барлығы жоғарғы деңгейде! Қазақстанда осындай Орталық барына қуаныштымын. Нәрестелі болу үшін мүмкін тағы да келерміз!

Наталья Карпачева:

РМИ, рахмет! Сен отбасымды сақтап қалдың!



Көптен күткен баланың дүниеге келуін 15 жыл күттім. Түрлі диагноздар қойылды: түтіктердің тарылуы, миома, эндометриоз. Мен квотаны үш рет алғанымды айта кеткім келеді, бірақ РМИ ғана арманыма қол жеткізуге көмектесті! Бастапқыда клиникаға кіргенде мен бірден интуитивті түрде бәрі ойдағыдай болатынын түсіндім. Сервистің бағасы 5+! Әрине, осы жағдайды пайдалана отырып, Жолдасов Рүстем Әшірқариұлының жұмысын атап өткім келеді. Құдайым-ау! Мен оған алғысымды жаудырамын! Сабырлы, қайырымды, түсінігі мол, зиялы жан. Айта кететіні, болжамым онша жақсы болмады, өйткені овариалды қор өте төмен болды – бар-жоғы үш фолликул ғана. Дәрігердің «маған нәтиже керек» деген сөздері мені қанаттандырды. Мен оған миллион процентке сендім. Бізде бір талпыныстан-ақ бәрі де іске асып кетті. Ең қарапайым тестте екі жолақты көргенде, қалай айтсам екен, қуаныштан жер жарғандай дауыспен айқайлап, өз көзіме сенбей тұрдым! Өмірімдегі алғашқы жолақ-жолақ тестім! Бұны сөзбен жеткізу мүмкін емес! Рүстем Әшірқариұлына басымды иемін! Ол отбасымды сақтап қалды. Енді біздің кішкентай қызымыз өсіп келеді: кішкентай ғажабымыз бен зор бақытымыз!

Жайдара Иманбаева:

Бақыт бар екен, біздікі болса екі есе!



Өз бақытымызды ұзақ бес жыл бойы күттік. Диагнозым көңіл жұбататындай емес – жатыр түтігінің тарылуы, сондықтан емдейтін дәрігер маған квота бойынша ЭКО-ға кезекке тұруға кеңес берді. О, ғажап! Бір талпыныстан-ақ бала көтердім, ал жүктіліктің өзі өте жеңіл өтті.

Мен РМИ-ға барғаныма қуаныштымын: ол жерде сауатты әрі сыпайы мамандар жұмыс істейді, олар нағыз бақытқа қол жеткізуге көмектесті. Қазір мен егіздің анасымын, көп рахмет, қымбатты РМИ! Менің өмірімдегі ең дұрыс шешім клиника мен дәрігерді таңдау болды!

Мөлдір Мұхатова:

Біздің керемет ұл-қызымыз бар!



Мен сегіз жыл бала көтере алмадым, түтіктерімде проблема болды. Жолдасым екеуіміздің бармаған дәрігерлер мен клиникаларымыз жоқ шығар. Бізге «Бәрі де болады, қамықпаңыздар, күте тұру қажет» деп айтылатын. Жұбатып қоятын, бірақ жылдан жылға үмітіміз үзіле берді. Жасым да келіп қалды, шұғыл түрде бірдеңе жасау керек еді. Бұл кезде Репродуктивтік медицина институтында филиал ашылады дегенді білдік, осыған байланысты Ашық есік күні жарияланды. Сол жерде бізге квота алуға кеңес берілді. Біз өз кезегімізді үш жыл күттік.

Керемет нәрестелеріміз үшін РМИ-ға үлкен алғыс айтамыз, біз тап осы клиникаға жүгінгеніміз үшін өте бақыттымыз. Болашақ аналарға айтарым: өзіңізге және дәрігерлерге сеніңіздер, сонда армандарыңыз міндетті түрде орындалады!



НӨМІРДІҢ ҚОНАҚТАРЫ ЕР АДАМ ОТБАСЫ ҮШ ІН БАРЛЫҒЫНА БАРАДЫ!

Әдетте рубрикамыздың қонақтары әйелдер қауымы болады. Бұл жолы көктем мен 8 наурыз Халықаралық мереке қарсаңында біз бақытты әке – Арман Ахметовты шақыруға шешім қабылдадық, ол ай сайын бес жыл бойы әйелінің көз жасын көру қандай екенін және ЭКО сияқты күрделі істе ер адамның рөлі қандай екенін айтып берді.

Бедеулікті тексертуге бастамашы болған көптеген әйелдер күтпеген қиындықтарға тап болады. Ер адамдар дәрігерге баруға үзілді-кесілді қарсы, тіптен бір қарағанда жай ғана шәует талдамасын тапсыруға да келісім бермейді.

ЭКО туралы айтпасақ та болады... Ал ер адамның алдыңғы некеден балалары бар болса, онда бүкіл мәселені «себепкердің» өзі шешуі тиіс деп ойлайды. Алайда, Репродуктивтік медицина институтының 25 жылдық тәжірибесі көрсеткендей, бүгінгі таңда бедеуліктің себептері әйелдерде де, ер адамдарда да 50:50 арақатынасында.

Ер адамның балалары бар екендігі оның жағдайы жақсы екендігін білдірмейді. Репродуктивтік сипаттағы аурулар – аяусыз, жасырын өтеді. Жылдар бойы әйелді емдеп келіп, түбінде себепкер ер адам екені анықталып жатады. Ең бастысы, себебін дер кезінде анықтап, кәсіби мамандардың көмегіне жүгіну керек.

- Арман, сәби сүю үшін жүріп өткен жолыңыз неден басталды?

- Бірінші некеден менің екі үлкен балам бар. Екінші некедегі жұбайым менен 17 жас кіші, біз алғаш күннен-ақ сәбилі болғымыз келді, бірақ бес жыл бойы тек күтумен өттік. Кәсіби мамандарға жүгіну керектігін ақыры түсінген кезде, бірден Репродуктивтік медицина институтын таңдадық.

Екі баланың әкесі екеніме қарамастан, проблемалар мен жақтан да, жұбайым жақтан да табылды. Оларды шешу қажет болды, өйткені бала деген өмірдің мәні және баласыз отбасы – отбасы емес.

- Бала сүйе алмағандарыңыздан араларыңызда келіспеушіліктер болды ма?

- Әрине, бұл кез келген отбасында болатын жағдай ғой.



Менің көптеген таныстарым балалы болмағандықтан ажырасып кетті. Бұл кезде бар болғаны мамандарға жүгіну қажет екен. Қаншама отбасы сақталатын еді! Біз де ажырасуға жақын қалдық, ай сайын күйзеліс, көз жасы...

- Жұбайыңызды қалай қолдап жүрдіңіз?

- Мен әрдайым қасында болдым. Жұбатып жүрдім, жүрек ауыртатын бұл тақырыпты қозғамауға тырыстым. Бірақ ол ай сайын жылай берді. Менің балаларым бар ғой, ал оның баласы жоқ, бұл оны одан бетер күйзеліске ұшыратты. Екеуіміз де қатты қажып кеттік.

- Сіз қалай ойлайсыз, проблемалар барда ер адамның басты рөлі – материалдық қамтамасыз ету ғана ма?

- Адамға жан Тәңірден келетінін, ал дәрігерлер – Оның қолы екеніне сенімдімін, олар өз ісімен жұбайларға көмектеседі. Әрине, ер адам ең алдымен қамтамасыз ету қажет. Онымен қоса сүйіктісін жақсы көріп, алақанына салып аялап жүргені абзал.

Сәбилі болғаннан кейін мен әзірге баласы жоқ достарыма, таныстарыма айтатыным: ер адамға ештеңе байланысты емес. Әйелді дайындау қажет, ал ер адам отбасын сақтау үшін барлығына барады. Маған дәрігерлерге барып, тексерілу қиын болмады, мен ұялмадым да, жасқанбадым – түбі отбасымның, жарымның бақытын сақтауым керек болды!

- Жақында әке болатыныңызды білгендегі алғашқы әсеріңіз жайлы айтып бересіз бе?

- Бақыт! Сонша бақыт пен қуанышты көптен бері сезбеп едім! Айтпақшы, қателеспесем, тесттегі екі жолақты біз Әулие Валентин күні көрдік. Әрине, жеңісіміз әлі алда екенін, нәрестені әлі 9 ай күту керектігін білдім, бірақ үміт деген қанаттандырады! Бұл Жоғарыдан берілген сый еді. Отбасымызға Нұр жауғандай болды. Барлық ғашықтар күні бұл екеуіміз үшін ең үлкен сыйлық болды.

- Ұлыңызды қолға алғанда қандай сезімде болдыңыз?

- Бақыт пен ризашылық. 45 жасымда қайтадан әке атандым. Тіптен машинамызға: «Жасым 45-те, болдым тағы әке!» деп жаздық.

- Тағы да бала сүюді жоспарлайсыз ба?

- Иә, оған дайынбыз деп ойлаймын. Қазір баламыздың жасы 5-те. Қызымыз болса екен деп армандаймыз.

- РМИ жұмысына қандай баға бересіз?

- Мінсіз: 10 ішінде 10! Біздің емдеуші репродуктолог дәрігеріміз Махмет Қанышұлы Тұмарбеков – жоғары санатты кәсіби маман. Біз оған баратын кезегімізді өте ұзақ күттік. Бізде бәрі бір талпыныстан-ақ жүзеге асты! Қайырымды, зерделі, өз ісінің білгір маманы, дәрігер бізге шынымен көптен күткен бақыт сыйлады. Институттың бүкіл қызметкерлері марапат пен қошеметке лайық!

Ұлымыз ЭКО-ның көмегімен дүниеге келгенін жасырмаймын. Оны не үшін жасырып жүремін? Қазір де біреу алты жыл бұрынғы менің әйелім сияқты жастыққа тығылып жылап, тығырықтан шығар жол таппай жүрген шығар, бірақ шешімі бар ғой! Күмәнданып жүрген жұптар бар болса, онда олармен кездесіп, өз тәжірибемізбен бөлісуге дайынбыз.

- Мұрагерлеріне қол жеткізудің қиын жолына енді аттаған ер азаматтарға қандай кеңес берер едіңіз?

- Егер ЭКО мен РМИ дәрігерлерінің алтын қолдарының арқасында бір талпыныстан-ақ бізде бәрі ойдағыдай болып кетсе, неге сізде де солай болмасқа?

Өз әйеліңізді қаншалықты құлай сүйсеңіз де, баласыз отбасын сақтап қалу мүмкін емес екеніне сенімдімін. Кәсіби мамандарға жүгініңіз, өз мақсатыңызға жүрексінбей барыңыз. Кез келген әйел ана болу үшін жаралған. Сүйікті жарыңыздың арманын орындаңыз!

Бақыт пен қуанышымыз үшін РМИ-ға алғыс білдіреміз!

